

№ 1 педагогикалық кеңестің
шешіміне сәйкес

КЕЛІСІЛДІ:

«31» 08

2022 жыл



Бекітемін:

№ 21 «Алпамыс» бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі:
Э.Нурмаганбетова

Вариативтік бөлімнің 2022-2023 оқу жылына арналған тақырыптық жоспары

«Ақбота» ересектер тобы
Тәрбиешілер: Асаубай Бибігүл
Жолмырзаева Гулайша

Түсінік хат

Мектепке дейінгі ұйымдар вариативтік жеке бейімделген бағдарламаларды, оқытудың әртүрлі әдістемелері мен технологияларын, білім беру процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін, тәсілдерін пайдаланады; баланың даралығы мен субъективтілігін, өмірлік қажетті физикалық, әлеуметтік, эмоционалдық, коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамытуды қолдауға бағдарланған кедергісіз дамытушы ортаны, трансформацияланатын ойындар мен тақырыптық аймақтарды құрады.

Мектепке дейінгі ұйымда балаларды дамыту, білім беру, тәрбиелеу мақсатында қолданылып келген педагогикалық технологиялар жеткілікті. Дүние жүзінде және елімізде қолданыста болып, балабақшадағы педагогикалық процеске ұлттық ойындарды кірістіру үрдіске айналып келеді.

Асық ойыны - қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойыны. Халқымыз асықты кастерлеген. Асықты бар ынта жігерімен ойнаған балалар жан-жақты дамыған. Асықпен ойнаған баланың зейіні тұрақталады, логикалық ойлау қабілеті дамиды, бала еңкейеді, тұрады, үздіксіз қозғалыста болады. Жанындағы өзі қатарлы балалармен бірге ұйымшылдығы мен тіл байлығын дамытады.

Асық неліктен терапияға жатады? Сөздіктерде терапия – медицина ғылымында аурулардың себептері, даму барысы, оларды анықтау, емдеу және олардың алдын алып, сақтану әдістерін зерттейтін сала. Арттерапия – бұл бейнелеу өнерімен емдеу дегенді білдіреді. — Арттерапия! – термині (art – өнер, artterapy – өнер арқылы терапия жүргізу) көбіне ағылшын тілді халықтар қоныстанған елдерде кеңінен тараған. Педагогика ғылымындағы теориялар мен тәжірибелерді негізге ала отырып, бүлдіршіндерді тәрбиелеуде асық терапиясының баланың денсаулығына тигізетін пайдасын көрсету мақсаты көзделді.

Асық терапиясының мақсаты: асық терапиясында балалардың терапиясында балалардың қиымыл-қозғалыстарын реттеу, кеңістікті бағдарлай білу, көрнекі іс-әрекеттік, көрнекі-бейнелік және сөздік-логикалық ойлауды сатылай қалыптастырып, шығармашылық тұрғыда және сын тұрғысынан ойлауды дамыту, шыдамдылық, сабырлық, бірлескен әрекетті қолдана білуге тәрбиелейді. Сондықтан да біз, ересектер, асық ойындарының жаңа мазмұнды ойындарын, жаттығуларын құрастырып, оларды оқыту және дамыту, ұйымдастырылған оқу қызметінде қолдана аламыз.

Асықты пайдалана отырып санау, құрастыру, асық үстінен жүру, математикалық логикалық тапсырмаларды шешу сияқты әртүрлі оқиғаларды ойлап тауып, біз бала үшін әлдеқайда қызықты түрде өзіміздің біліміміз бен өмірлік тәжірибемізді, қоршаған әлемнің заңдылықтары мен оқиғаларын көрсете аламыз. Балаларды ұлттық ойындарды ойнау барысында

лимыз. Асық ату ойыны арқылы көз жітілігін, мергендікті дамыты
амдылық пен шыдамдылыққа тәрбиелейміз. Асықтан құрастырыл
новациялық тактайшалар мен массажды қолғаптар арқылы бала
саулығын шыңдаймыз.

ектепке дейінгі ұйымда вариативтік оқу бағдарламаларын әзірлеуг
тудың әртүрлі әдістемелері мен технологияларын, білім беру про
ымдастырудың нысандарын, әдістерін, тәсілдерін пайдалануға мүм
реді.

рыта айтқанда, «Рухани жаңғыру» бағдарламасында отансүйгішт
ізі ретінде туған жерге, ата дәстүрге, ұлттық құндылықтарға ерекш
ру қажеттігі айтылады. Сондықтан да біз қазақ ұлттық ойындарын
ңғыртып, асық-терапияны насихаттап жүрміз. Бұл балаларды
ымшылдыққа, достыққа баулиды, оның үстіне ол өте қарапайым әр
жетімді»

най білген адамға асықтың пайдасы орасан зор. Асық ойыны адам
ргендікке, ептілікке баулиды. Бұған қоса аяқ-қолдың кимылын жа
нсаулыққа көп пайдасын тигізеді.

ық ойынына Бауыржан Момышұлы атамыз «Асық – үлкен халықт
рбие» деп баға берген.

пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі
зақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 1
улысымен бекітілген

Асабай Е. «Асық» // «Ұлттық рухияттаным» Алматы 1997жып

Вариативтік бөлім: «Асық терапиясы»

р/с	Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі
1	Асық туралы түсінік беру	Асық туралы түсінік беру. Балалардың дүниетанымын кеңейту.	
2	Асық түрлерімен таныстыру	Асық түрлерімен таныстыру. Ұмытылып бара жатқан ойынды жаңғырту, бабаларымыздың ойыны туралы түсінік беріп, қызығушылықтарын ояту.	
3	Асық ойынының тарихы мен оның тәрбиелік мәні	Асық ойынының барлық ережелеріне, қыр-сырларына туралы түсіндіре отырып, асықтың түрлері мен ерекшеліктері туралы түсіндіру. Қазақтың ұлттық ойыны - асық ойынын дәріптеу.	
4	«Алшы» (ұлттық ойын)	Балаларды мергендікке, ептілікке, икемділікке тәрбиелеу Қимыл қозғалысын жетілдіру	
5	«Асықты жіпке тізу»(асық терапиясы)	Асықтарды жіпке тізу арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту.	
6	«Төрт асық»(ұлттық ойын)	Балаларға бір асықта төрт түрлі пішім бар екенін және әр пішімнің әр қыры бар екенін түсіндіру. Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.	
7	Асықпен із салу(асық терапиясы)	Балалардың саусақ моторикасын дамыту. Тиянақтылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	
8	«Бес асық» (ұлттық ойын)	Төзімділікті, ептілікті, икемділікті дамыту;	
9	«Асықпен құмда сурет салу» (асық терапиясы)	Балалардың ұсақ қол моторикасын, қиялын дамыту. Бейнелеуге деген қызығушылығын арттыру.	
10	«Асық ату»	Балаларды мергендікке, ептілікке үйрету. Аяқ-қолдың қимылын жақсарту.	
11	«Санамақ» (асық терапиясы)	Балалардың есепке жүйріктігін қалыптастыру, моторикасын бейнелеу.	

	(асық терапиясы)	Ой-өрісін арттыру, шығармашылығын дамыту.	
14	Тас қала»(ұлттық ойын)	Шапшаң да жинақы, таза да әдепті болуға тәрбиелеу. Баланы бәсекелестікке жетелеп, талаптылыққа тәрбиелейді.	
15	Мозаика(асық терапиясы)	Балалардың логикалық ойлауы мен есте сақтау қабілеттерін арттыру.	
16	«Түс ажыратқыш» (асық терапиясы)	Балаларды түстерді ажырата білуге үйрету.	
17	«Тактайшаны әсемдеу» (асық терапиясы)	Балалардың эстетикалық талғамы мен шығармашылық қабілетін дамыту.	
18	«Сикырлы асық» колғаптары-мен уқалау (асық терапиясы)	Балаларды шыдамдылыққа, төзімділікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	
19	Асықты тактайшамен жүру(асық терапиясы)	Балалардың аяқ, қол еттерін қатайту. Жалпақтабандылықтан арылту, Дұрыс жүруін, дене бітімін қалыптастыру.	
20	«Дойбы» (тастары асықтан жасалған)	Қол буындарының икемді болуына баулу. Ой-өрісін дамыту. Тиянақтылыққа, тез шешім шығара білуге үйрету.	
21	«Кім жылдам» (асық терапиясы)	Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке, тез шешім шығара білуге үйрету.	
22	«Суреттегі заттарды сандармен сәйкестендір» (асық терапиясы)	Балалардың ой-өрісін дамыту. Сандарды ажырата білуге үйрету. Ой-қиялын дамыту.	
23	Хан талапай» (ұлттық ойын)	Балалардың жылдамдығын жеделдету, нерв жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.	
24	«Алғыр» (ұлттық ойын)	Балаларды ептілікке, мергендікке үйрету. Қолдың бұлшықеттерін дамыту.	
25	«Атқапыл» (ұлттық ойын)	Балалардың есте сақтау қабілетін арттыру	
26	«Иірмекіл» (ұлттық ойын)	Балаларды шымырлыққа, дене күшін жетілдіруге үйрету	
27			
28	«Асықтарды сандармен	Балалардың ой-өрісін дамыту. Сандарды ажырата білуге үйрету. Ой-	

32	«Орман ағаштары»	Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту, табиғатты аялай білу, күтіп баптау сияқты қасиеттерін қалыптастыру. Танымдық қасиеттерін байыту.
33	«Түлкі»	Жабайы аңдар туралы білімдерін кеңейту, құрастыра білу қабілеттерін дамыту.
34	«Аю мен оның қонжықтарына арнап үй салу»	Қарапайым математикалық ұғымдарын (көп-аз, үлкен-кіші, биік-аласа) қалыптастыру. Қиялдарын, өз ойларын ашық жеткізе білу қасиеттерін дамыту.
35	«Үлкен-кіші көпірлер»	Балалардың шығармашылығын дамыту, түсіне қарай топтастыру білу қасиеттерін дамыту.
36	«Таразы»	Балалардың сөздік қорына антонимдік (ауыр-жеңіл, артық-аз)